

## **Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі N 273 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 23 тамызда тіркелді. Тіркеу N 4354.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.05.2021 № 487 (06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 643-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 25.12.2024 № 875 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.05.2021 № 487 (06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Мыналардың:

1) "Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 мамырдағы N 248 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1876 болып тіркелді, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланды, 2002 ж., N 30, 650-құжат);

2) "2002 жылғы 30 мамырдағы N 248 бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 17 қазандағы N 503 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2025 болып тіркелді) күші жойылған деп танылсын.

3. Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 25.12.2024 № 875 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Осы бұйрық 2006 жылғы 24 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

## **Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу қағидасы**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.05.2021 № 487 (06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1 тарау. Жалпы қағидалар**

1. Осы аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 1-4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 643-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және "аудитор" біліктілік куәлігін алу үшін аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 25.12.2024 № 875 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аттестаттау – Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) аудиторлыққа кандидаттардың білімін және дағдыларын осы Қағиданың 10-тармағында көрсетілген пәндер бойынша біліктілік емтихандар қабылдау арқылы анықтау рәсімі;

2) аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес (бұдан әрі - Кәсіби кеңес) – кәсіби ұйым (кәсіби ұйымдар) құрған, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым;

3) біліктілік емтиханы (бұдан әрі – емтихан) – модульдік тапсырманы шешу жолымен аудиторлыққа кандидаттардың білімін тексеру, білімі мен дағдыларын тексеру нысаны;

4) модульдік тапсырма – осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген кемінде 2 (екі) пәнді қамтитын аудиторлыққа кандидаттың аудиторлық қызмет саласында қажетті білімін және дағдыларын тексеру үшін жасалған тапсырмалардың көлемі;

5) әдеп – Заңмен белгіленген әдеп кодексінің білімі мен дағдыларын қамтитын пән.

### **2 тарау. Аттестаттаудан өту үшін құжаттар тапсыру**

3. Аудиторлыққа кандидат аттестаттауға тіркелу үшін Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) пәннің (пәндердің) атауын көрсетілген өтініш (әр емтиханға);
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) жоғары білімін растайтын мынадай құжаттардың бірі:  
құжаттың (дипломның) нотариалды куәландырылған көшірмесі;

"электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алынған ұсынылған электрондық құжат;

шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар үшін "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тану рәсімінен өткенін растайтын құжат;

4) экономикалық, қаржы, бақылау-тексеру немесе құқық салаларында немесе жоғары оқу орындарында бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ғылыми-оқытушылық қызмет саласында кемінде 3 (үш) жыл еңбек өтілін растайтын еңбек кітапшасының немесе өзге құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) бухгалтерлік есеп және аудит саласында халықаралық біліктілік алғанын растайтын құжаттың (бар болған жағдайда) нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

6) судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі (бар болған жағдайда);

7) тиісті "электрондық үкімет" шлюзі ақпараттық жүйелер арқылы алынған адвокатқа немесе нотариусқа біліктілік емтиханын немесе аттестаттауды тапсырғанын растайтын құжаттың көшірмесі, адвокатқа немесе нотариусқа лицензия (бар болған жағдайда);

8) "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алынған соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама.

Комиссия ұсынылған ақпаратты тексереді. Экономика және қаржы саласында өтелмеген соттылығы болған жағдайда кандидатты аудиторлыққа аттестаттауға тіркемейді.

Барлық құжаттар құжат тігілетін папкаға қыстырылады, оның сыртқы бетінде: № \_\_\_\_ Жеке іс, аудиторлыққа кандидаттың тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) ресімдеу күні көрсетіледі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.06.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3-1. Аудиторлыққа кандидат осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Комиссия 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы жауапты қалыптастырады.

**Ескерту. Қағидалар 3-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 05.06.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Комиссияға құжаттардың түскен күні кіріс хат-хабарлар журналында тіркеледі және кіріс нөмірімен бірге аудиторлыққа кандидаттың өтінішіне қойылады.

Құжаттарды почтамен жіберу кезінде, алынған күні тіркеледі.

5. Біліктілік емтихандарын тапсыруға тіркелген аудиторлыққа кандидаттардың тізімі Комиссия төрағасының (ол болмағанда Төраға орынбасарының) өкімімен бекітіледі. Жіберу туралы шешім кандидаттың назарына аттестаттау өткізу басталғанға дейін екі аптадан кем болмайтын мерзімде ауызша немесе жазбаша нысанда жеткізіледі.

6. Аудитор өтініш беру кезінде тегі, аты, әкесінің атын өзгерту үшін (ол болған жағдайда) Комиссия "аудитор" біліктілік куәлігінің берілген күні мен нөмірін сақтай отырып, қайта ресімдеу жолымен және қайта ресімдеу күнін көрсете отырып "аудитор" біліктілік куәлігіне өзгерістер енгізеді.

Қағаз нысанда берілген "аудитор" біліктілік куәлігі жоғалған, бүлінген кезде аудитор "аудитор" біліктілік куәлігінің телнұсқасын алады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.06.2025 № 284 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3 тарау. Аттестаттау өткізу тәртібі**

7. Жоғары білімі және кем дегенде 3 (үш) жылында экономикалық, қаржы, бақылау-тексеру немесе құқықтық салаларда немесе жоғары оқу орындарында бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ғылыми-оқытушылық қызмет саласында еңбек өтілі бар адамдар аттестаттауға жіберіледі.

8. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау Комиссия жыл сайынғы бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес жылына кемінде 2 (екі) рет жүргізіледі.

9. Аттестаттау өткізу күні бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және аттестаттау өткізуге белгіленген күнге дейін 2 (екі) айдан кешіктірмей Комиссия хабарлайды.

10. Аудиторлыққа кандидаттар мынадай пәндер бойынша емтихан тапсырады:

қаржылық есеп және халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша есептілік;

басқарушылық есеп;

қаржы және қаржы менеджменті;

салықтар;

құқық (азаматтық құқық, банк ісі, сақтандыру және әлеуметтік заңнама);

әдеп;

аудит.

Бухгалтерлік есеп және аудит саласында Associate Chartered Accountant (Эсоушиейт Чартерд Экаунтэнт) (ACA-ISAEW (Великобритания) ЭЙСИЭЙ АЙЭСЭЙИДАБЛЮ) –

Қауымдастырылған Дипломды Бухгалтер, The Association of Chartered Certified Accountants (Зэ Исоушиэйшн оф Чартерд Сертифаид Экаунтэнтс) (АССА (Великобритания) ЭЙСИСИЭЙ) – Дипломды Сертификатталған Бухгалтерлер Қауымдастығы, Certified Public Accountant (Сертифаид Паблик Экаунтэнт) (СРА (США) СИПИЭЙ) Сертификатталған Жария Бухгалтердің толық біліктіліктерінің бірі немесе The Association of Chartered Certified Accountants (Зэ Исоушиэйшн оф Чартерд Сертифаид Экаунтэнтс) (АССА (Ұлыбритания) ЭЙСИСИЭЙ) – Дипломды Сертификатталған Бухгалтерлер Қауымдастығы біліктілігінің "Қаржы және бизнесті басқару" дипломы бар аудиторларға кандидаттар келесі пәндер бойынша емтихандар тапсырады:

- салықтар;

- құқық (азаматтық құқық, банк ісі, сақтандыру және әлеуметтік заңнама).

Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы Chartered Institute of Management Accountants (Чартерд Институт оф Маниджмент Экаунтэнтс) (СИМА (Ұлыбритания) СИАЙЭМЭЙ) – Басқарушы Бухгалтерлердің Дипломды Институты толық біліктілігі бар аудиторлыққа кандидаттар келесі пәндер бойынша емтихан тапсырады:

- қаржылық есеп және халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша есептілік;

- салықтар;

- құқық (азаматтық құқық, банк ісі, сақтандыру және әлеуметтік заңнама);

- әдеп;

- аудит.

Бухгалтерлік есеп саласындағы Institute of Financial Accountants (Институт оф Файнаншл Экаунтэнтс) (IFA Ұлыбритания) АЙФИЭЙ) – Қаржылық Бухгалтерлер Институты, Diploma in the International Financial Reporting (Диплоумэ ин зэ Интернашнэл Файнаншл Рипортин) (DipIFR АССА (ДИайпиАЙЭФАР ЭЙСИСИЭЙ) – Халықаралық Қаржылық Есептілік Саласындағы Диплом толық біліктіліктерінің бірі бар аудиторлыққа кандидаттар келесі пәндер бойынша емтихан тапсырады:

- басқарушылық есеп;

- қаржы және қаржы менеджменті;

- салықтар;

- құқық (азаматтық құқық, банк ісі, сақтандыру және әлеуметтік заңнама);

- әдеп;

- аудит.

Адвокатқа немесе нотариуска, не судьяға біліктілік емтиханын тапсырған, не лицензиясы бар, не аттестаттаудан өткен аудиторларға кандидаттар "құқық" пәні бойынша емтихан тапсырудан босатылады.

The Association of Chartered Certified Accountants (Зэ Исоушиэйшн оф Чартерд Сертифаид Экаунтэнтс) (АССА (Ұлыбритания) ЭЙСИСИЭЙ) – Дипломды

Сертификатталған Бухгалтерлер Қауымдастығы біліктілігінің "Қаржы және бизнесті басқару" дипломының "Бизнестің тиімділігін басқару", "Қаржылық есептілік", "Қаржы менеджменті", "Аудит және ілеспе қызметтер", "Кәсіби әдеп" сертификаттары бар аудиторларға үміткерлер тиісті емтихандарды тапсырудан босатылады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.06.2024 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Аттестаттауды ойдағыдай аяқтаған адамдарға Комиссияның шешімімен "аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігі және біліктілік куәлігінің нөмірі, тегі, аты, сондай-ақ өзінің қалауымен – әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген аудитордың жеке мөрі беріледі.

"Аудитор" біліктілігін беру туралы шешім Заңның 13-бабының 2-тармағына сәйкес Комиссия айқындайтын бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.06.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Комиссия берген "аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігінің болуы бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым беретін кәсіби бухгалтер сертификатын алуға негіз болып табылады.

13. Емтихан тікелей Комиссияда немесе Комиссия айқындаған оқу орталықтарында өткізіледі.

14. Бір пән бойынша емтиханның ұзақтығы 3 (үш) сағаттан (180 минут) аспайды.

15. Комиссия емтихандарын өткізу үшін:

мемлекеттік және орыс тілдерінде модульдік тапсырмалар қалыптастырады;  
емтихандардың өткізілуін ұйымдастырады;

аудиторға кандидаттардың емтихандық жұмыстарын тексерулерді және бағалауларды жүргізеді.

Модульдік тапсырманы дайындауға және емтихан жұмыстарын кодтауға қатысатын Комиссия мүшелері емтихан жұмыстарын тексеруге, сондай-ақ кандидаттарды емтиханға дайындауға қатыспайды.

16. Модульдік тапсырманы дайындау жөніндегі Комиссия мүшелері әзірленген модульдік тапсырманың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

17. Емтихандарды өткізу Комиссия бекіткен кесте бойынша жүргізіледі. Емтиханның кестесі мен өткізілетін орны аттестаттаудан өтушілерге бірінші емтихан басталғанға дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кем емес мерзім ішінде хабарланады.

18. Емтихан жазбаша түрде модульдік тапсырманы орындау арқылы жүргізіледі.

Модульдік тапсырма теориялық сұрақтарды, практикалық тапсырмаларды, тестілерді қоса алғанда, кемінде 4 (төрт) тапсырманы қамтиды.

Модульдік тапсырма аудиторлыққа кандидаттарды оқыту бағдарламасынан алынған тапсырмаларды қамтымайды.

Модульдік тапсырмалар әр емтиханға жаңартылады. Өткен емтихандардың модульдік тапсырмалары кәсіби кеңестің интернет-ресурсында жарияланады.

19. Модульдік тапсырма аудиторлыққа кандидаттың қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады және орындалады.

20. Комиссия аудиторлыққа кандидаттарды қағазбен, қаламсаппен, калькулятормен қамтамасыз етеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын жинауды және оларды актімен уәкілетті органның өкіліне беруді жүзеге асырады.

Емтихан өткізуге арналған үй-жай бейнетіркеу құралдарымен жабдықталады. Емтиханның бейнежазбасы 5 (бес) жыл бойы сақталады.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.06.2024 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Аудиторлыққа кандидаттар емтиханнан өту кезінде басқа адамдармен сөйлеспейді, материалдармен алмаспайды, қағаз және электрондық жеткізгіштердегі ақпаратты пайдаланбайды, үй-жайдан комиссия өкілінің еріп жүруінсіз шықпайды.

Кандидат осы тармақтың бірінші бөлігіндегі талаптарды бұзған кезде осы адамның емтихан процесі тоқтатылып, ол үй-жайдан шығарылады. Қадағалаушылар емтихан өту рәсімінің бұзылғаны туралы еркін нысанда акт толтырады.

Емтихан өту рәсімін бұзылуы туралы акт жасалған кандидат бұзушылық анықталған күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң емтиханды қайта тапсыруға құқылы.

Емтиханды қайта тапсыру күні комиссияның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес белгіленеді.

Өткізу кезінде бұзушылық тіркелген емтихан нәтижелері күшін жояды.

22. Модульдік тапсырмасы бар конверттерді емтихан басталғанға дейін 20 (жиырма) минут бұрын аудиторлыққа кандидаттар мен Комиссия мүшелерінің қатысуымен Комиссия төрағасы (ол болмағанда Төраға орынбасары немесе Комиссия мүшесі) ашады.

23. Емтихандар аяқталғаннан кейін уәкілетті органның өкілі емтихан жұмыстарына кандидаттың аты-жөнін көрсетпей, төрт мағыналы код қою арқылы кодтайды, ол сол сәтте емтихан карточкасына көшіріледі.

Комиссия мүшелерінің қатысуымен Комиссия хатшысы кодтағаннан кейін аудиторлыққа кандидаттардың емтихандық жұмыстары бар жұмыс дәптерлерінің көшірмелері жасалады немесе электрондық тасығышқа сканерден өткізіледі. Көшірмелер немесе электрондық тасығыштағы сканерден өткізілген нұсқалар түпнұсқалармен салыстырылады, жеке конвертке (немесе конверттерге) салынады,

олар желімделеді, мөрмен бекітіледі және Комиссия мүшелерінің, сондай-ақ уәкілетті орган өкілінің қолдарымен расталады. Осыдан кейін Комиссия төрағасы беру актісі бойынша конвертті (немесе конверттерді) уәкілетті органның өкіліне береді.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.06.2024 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Емтихан жұмыстарының кодын тікелей Комиссия отырысында Комиссия мүшесі болып табылатын уәкілетті органның өкілі Комиссия мүшелерінің қатысуымен ашады.

Емтиханның нәтижелерін шығарғаннан кейін уәкілетті органның өкілі көшірмелерді түпнұсқалармен салыстыру үшін Комиссия мүшелерінің қатысуымен аудиторлыққа кандидаттардың емтихандық жұмыстары бар жұмыс дәптерлерінің көшірмелері бар конверттерді ашады. Уәкілетті органның өкілі салыстырып тексергеннен кейін емтихан жұмыстарын қамтитын жұмыс дәптерлерінің көшірмелері немесе сканерден өткізілген нұсқалары бар конвертті (немесе конверттерді) Комиссияға қайтарады, ол оны (оларды) емтихан күнінен бастап 5 (бес) жыл бойы сақтайды.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.06.2024 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Емтиханды онлайн режимінде өткізу кезінде, Комиссияның қашықтықтан өткізілетін веб-порталы, сондай-ақ онлайн режимінде емтихан өткізудің үздіксіз және сапалы тәртібін қамтамасыз ететін және оған тәуелсіз бақылаушылардың қол жеткізуін қамтамасыз ететін өзінің бағдарламасы (платформасы) болады.

Аудиторлыққа кандидаттардың қатысуын кейіннен сәйкестендіру және растау үшін тестілеу алдында байқаушылар кандидатты жеке куәлігімен суретке түсіреді.

Онлайн режимінде емтихан тапсыруға аудиторлыққа кандидат үміткер сондай-ақ төменде көрсетілген барлық талаптарға сәйкес келеді:

- 1) көшіру және алдау фактісіне жол бермейтін академиялық адалдықты сақтау;
- 2) компьютердің немесе ноутбуктың болуы, сондай-ақ секундына 70 (жетпіс) килобиттен кем емес жылдамдықпен интернетке қосылу мүмкіндігі;
- 3) емтихан тапсыру кезінде жұмыс орнында мобильді құралдардың (пейджерлер, ұялы телефондар, планшеттер), сымды және сымсыз құлаққаптардың, шпаргалкалардың, оқулықтардың, әдістемелік әдебиеттердің, жұмыс дәптерлерінің болмауы;
- 4) экранның жұмыс үстелін және кандидаттың үстеліндегі қол жетімді заттарды көрсету үшін екі камераны немесе телефоннан екінші қосылуды қамтамасыз ету, сондай-ақ Комиссияға ұсыну үшін кандидаттың өзін-өзі ұстауының бейне жазбасын қамтамасыз ету;

5) экранды емтихан формасынан басқа бағдарламаларға ауыстырмаңыз, бірлесіп қарау бағдарламаларын, әлеуметтік желілерді, мобильді қосымшаларды, жедел хабар алмасу үшін веб-қызметтерді ашпаңыз.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 24.04.2023 № 411 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4 тарау. Аттестаттау қорытындылары**

26. Емтиханның нәтижесі 100 баллдық жүйе бойынша бағаланады. Орындалған модульдік тапсырма үшін сомасы 75 (жетпіс бес) және одан көп балл алған кандидат емтиханды ойдағыдай тапсырған болып саналады.

27. Аудиторлыққа кандидат осы Қағидалардың 10 тармағында көрсетілген пәндер бойынша алған оң нәтижесі, қорытынды бекітілген күннен бастап келесі 4 (төрт) жыл ішінде жарамды деп танылады.

28. Әрбір емтихан жұмысын бір-біріне қатысы жоқ Комиссияның екі мүшесі бөлек-бөлек тексереді, оның нәтижесінде екі қорытындының орташа арифметикалық бағасы шығарылады. Қорытындыларда 10 (он) баллдан астам айырмашылық болған кезде және нақтылауды талап ететін жағдайларда, емтихан жұмысын Комиссия мүшелерінің қатарынан үшінші тәуелсіз маман тексереді. Мұндай жағдайларда, жиынтық қорытынды орташа арифметикалық үш бағаны құрайды.

29. Емтихан жұмыстарын тексеру және бағалау қорытындылары бойынша шешім күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей бағалау рәсімі аяқталғаннан кейін Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады, ол хаттамаға жазылады және отырысқа қатысушы Комиссияның барлық мүшелері әр бетіне қол қояды.

Комиссия емтихан жұмыстарын қамтитын жұмыс дәптерлерінің түпнұсқаларын хаттамаға қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жыл сақтайды.

Емтихан қорытындылары кандидаттардың электрондық мекенжайларына жұмыстарды бағалауды бекіткеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.06.2024 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. Аудиторлыққа әрбір кандидаттың дербес қорытындылары оның емтихан карточкасына енгізіледі, ол аудиторлыққа кандидаттың басқа құжаттарымен бірге тігіледі. Бағаға қарамастан, орындалған модульдік тапсырмалар кандидаттарға қайтарылмайды және шағым беру кезінде, апелляциялық комиссиясына танысу үшін беріледі.

31. Аттестаттау қорытындылары Комиссияның төрағасы (ол болмаса Төрағаның орынбасары) мен барлық, аттестацияға қатысқан мүшелері қол қоятын хаттамаға жазылады.

32. Комиссия әрбір емтиханның нәтижелері бойынша 10 (он) жұмыс күні ішінде кәсіби кеңестің басқармасына есеп береді.

## **5 тарау. Апелляция тәртібі**

33. Емтихан жұмысының нәтижесімен келіспеу кезінде, аудиторлыққа кандидаттар емтихан нәтижелерін қайта тексеру туралы өтініш беру арқылы шағым түсіреді.

34. Емтихан бағасы жөнінде шағымдану емтихан қорытындылары туралы жазбаша хабарланған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей апелляциялық комиссияға жазбаша түрде беріледі.

35. Шағым апелляциялық комиссияда тіркелген сәтінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.06.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Апелляциялық комиссия қарау нәтижелері бойынша келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) емтихан Комиссиясының шешімі бекітілсін;

2) емтихан Комиссиясының шешімін өзгерту. Алынған балдарды төмендету бағытында қайта есептеуге болмайды.

Емтихан комиссиясының шешімін бекіту туралы шешім қабылданғанға дейін аудиторлыққа кандидаттар Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес тыңдауды өткізу үшін алдын ала шешім туралы хабардар етіледі.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.06.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Шағым берген аудиторлыққа кандидаттың емтихан жұмысымен, сондай-ақ апелляциялық комиссиясының шешімі шығарылғаннан кейін, апелляциялық комиссиясының бағалау қорытындыларымен танысады. Қайталама шағым қарауға қабылданбайды.

38. Аудиторлыққа кандидат апелляциялық комиссияның шешімен келіспеу кезінде сот тәртібімен шағым жасайды.